

## ХАТТАМА № 5

Уақыты: “2” қаңтар 2025 жыл

Қатысқандар: 1. Жумашова Аида Танырбергенқызы 2. Қадырова Камила Тлеукановна 3. Кудияров Ерик Айдарханович 4. Құрманғазыұлы Арман 5. Отарбай Ақниет Серікжанқызы 6. Шадыханов Естай Сисенғалиұлы, мектеп оқушылары;

**Күн тәртібінде:**

- Жасөспірімнің әлеуметтік өміріне байланысты туындаған мәселелерге жауапты мемлекеттік, қоғамдық мекемелермен байланысты дамыту және толық жетілдіру;

Тыңдалды. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының магистранттары Тайтобе ауылындағы жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. 3-Институт магистранттарының «Занды біл – өз құқықтарыңды қорға!» атты құқықтық түсіндіру акциясына қатысуы ұйымдастырылды. Акция аясында Тайтобе ауылындағы жалпы орта білім беретін мектептің 7-8 сынып оқушылары үшін ҚҚМ-11 тобының 1 курс магистранттары кездесу өткізіп, келесі тақырыптарды талқылады: - Булингтің психикалық денсаулыққа әсері: мектеп ортасындағы қорлаудың себептері мен салдарын талқылау. - Дроппинг – табыс емес: құмар ойынға тәуелділікпен байланысты ұғымдарды және олардың салдарын түсіндіру. - Құмар ойындар: оңай ақша мен сәнді өмірдің иллюзиясы: құмар ойындарға байланысты қауіптер және олардың жастарға әсері туралы ақпарат. - Наркотиктерді жасырын жеткізу. Наркотиктер және олардың салдары: Мифтер мен шындық: наркотикалық заттарды жасырын жеткізу мәселесін және олардың қоғамға әсерін талдау.

Аталған іс-шара 120-дан астам оқушыны жинады. Сабақтар кезінде осы тақырыптарға қатысты бейнероликтер көрсетілді, бұл талқыланған сұрақтарды терең түсінуге және материалды оқушылар үшін көрнекі әрі қолжетімді етуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, жастар арасында қауіпсіз мінез-құлықты қалыптастыруға ықпал еткен және құмар ойындарға қатысты мәселелерге назар аудартқан интерактивті ойындар ұйымдастырылды. Академия осы бағыттағы жұмысын жалғастыра отырып, қосымша іс-шаралар ұйымдастыруды және жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру үшін білім беру мекемелерімен ынтымақтастықты жоспарлап отыр. 3-Институт Магистранттар тізімі 1. Жумашова Аида Танырбергенқызы 2. Қадырова Камила Тлеукановна 3. Кудияров Ерик Айдарханович 4. Құрманғазыұлы Арман 5. Отарбай Ақниет Серікжанқызы 6. Шадыханов Естай Сисенғалиұлы

Хатшы

 Жакыбаева Г.Н.